

Клиникалық тәлімгер жөніндегі ереже

Жалпы ережелер

1. Осы клиникалық тәлімгер жөніндегі ереже (бұдан әрі - Ереже) - «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Аурухана) дәрігер-резидентінің клиникалық тәлімгерінің мақсаттарын, міндеттерін, функцияларын, құқықтары мен жауапкершілігін, оның ішінде көшпелі оқыту кезіндегі айқындайтын нормативтік құжат.

2. Тәлімгерлік жеке оқыту сапасын жетілдіру үшін медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде даярлықты қамтамасыз ететін Аурухананың клиникалық базаларында (бөлімшелерінде) жүзеге асырылады.

3. Осы Ережеде келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) клиникалық тәлімгер - қажетті практикалық дағдыларды игеру үшін дәрігер-резидент тағайындаған адам;

2) тәлімгерлік - дәрігер-резидентті қызметтік міндеттерін өз бетінше орындауға кәсіби даярлау және бейімдеу процесі.

4. Практикалық дағдыларды игеру, дәрігер-резиденттің пациенттермен жұмыс пәндер силлабусына сәйкес клиникалық тәлімгердің басшылығымен жүзеге асырылады.

5. Клиникалық тәлімгерлер Ауруханамен келісімшарттың орындаушылары және клиникалық тәлімгердің өзінің функциялық міндеттерін орындауға жауапты және бақылайтын Аурухананың клиникалық базасы бөлімінің меңгерушісіне тікелей бағынады.

6. Өз қызметінде клиникалық тәлімгер:

- Аурухана жарғысын;
- ішкі еңбек тәртібінің қағидаларын;
- Аурухана басшылығының бұйрықтары мен өкімдерін (нұсқауларын);
- Аурухананың резидентурасы және Академиялық саясаты туралы ережесін;
- Аурухананың ПОҚ Ар-намыс кодексін;
- осы Ережені басшылыққа алады.

2. Нормативтік құжаттар

7. Осы Ереженің нормативтік құқықтық негізі:

1) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі;

2) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;

3) «Клиникалық база, денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйым клиникасы, университеттік аурухана, резидентура базасы, интеграцияланған

академиялық медициналық орталық туралы ережелерді және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-304/2020 бұйрығы;

4) «Резидентурада мемлекеттік тапсырысты орналастыру, оқуға қабылдау және медицина кадрларын даярлау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-270/2020 бұйрығы;

5) «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы;

6) «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бұйрығы;

7) «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК директорының 2021 жылғы 30 маусымдағы № 297 бұйрығымен бекітілген Аурухананың резидентурасы туралы ереже;

8) «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК ҒКК отырысында 2021 жылғы 31 наурыздағы № 1 хаттамамен бекітілген Аурухананың Академиялық саясаты.

3. Клиникалық тәлімгерліктің мақсаттары мен міндеттері

8. Клиникалық тәлімгерліктің мақсаттары:

- дәрігер-резидентті кәсіби құзыреттілікті қалыптастыра отырып, қажетті практикалық дағдыларға жағдай жасау және мақсатты оқыту;
- жеке өсуді ынталандыру, таңдалған қызмет саласы туралы білім мен түсінікті дамыту.

9. Клиникалық тәлімгерліктің міндеттері:

- дәрігер-резидентпен кәсіби дағдыларды игеруде жұмысты ұйымдастырып, жүргізу, дайындық бейіні бойынша нормативтік құжаттаманы білу, медициналық әдеп нормаларын меңгеру, жалпы білім беру және мәдени деңгейін арттыру;
- дәрігер-резиденттің орындалатын жұмыс үшін жоғары жауапкершілігін қалыптастыру, ауруларды диагностикалаудың, емдеудің және алдын алудың жаңа заманауи әдістерін зерделеу, үнемі жетілдіруге ұмтылу;
- дәрігер-резидентті клиникалық базада практикалық және зерттеу жұмыстарын орындауға тарту;
- клиникалық база персоналымен, пациенттермен, олардың туыстарымен жұмыс істеуде коммуникативтік дағдыларды дамыту.

4. Клиникалық тәлімгерліктің функциялары

10. Клиникалық тәлімгерліктің функциялары:

- дәрігер-резидентті клиникалық, ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар, шеберлік сыныптар, консилиумдар, клиникалық талдаулар және т.б. жұмысына тарту және өткізу;
- ғылыми-практикалық баспа басылымдарында бірлескен жарияланымдар дайындау;

- білім беру процесін, клиникалық оқытуды және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- дәрігер-резидентке медициналық құжаттаманы жүргізу құқығын беру (клиникалық тәлімгердің бақылауымен);
- дәрігер-резиденттің пациенттерді дербес басқаруын ұйымдастыру (клиникалық тәлімгердің бақылауымен);
- дәрігер-резидентке медициналық (дәрігерлік) манипуляциялар мен емшараларды өз бетінше орындауға мүмкіндік беру және қол жеткізу (клиникалық тәлімгердің бақылауымен);
- Аурухананың жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшесінің талабы бойынша оқу-әдістемелік құжаттаманы уақытылы толтыру және ұсыну.

5. Клиникалық тәлімгердің құқықтары мен міндеттері

11. Ауруханада дәрігер-резиденттің клиникалық тәлімгеріне қойылатын талаптар білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарымен анықталады.

Клиникалық тәлімгер «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми/ академиялық дәрежесі бар Аурухана бөлімшелерінде жұмыс істейтін білікті мамандар қатарынан немесе кадрлар даярлаудың сұратылған бағыты бойынша кемінде 5 жыл клиникалық жұмыс өтілі тағайындалады. Клиникалық тәлімгердің қызметі міндеттер мен жұмыс кестесіне енгізіледі. Клиникалық тәлімгердің жұмыс регламенті мен бекіту тәртібі клиникалық базамен дербес айқындалады.

12. Клиникалық тәлімгерлерге ақы төлеу ақылы қызметтер көрсетудің бекітілген қағидаларына және ақылы білім беру қызметтерін көрсетуден алынған қаражатты пайдалану тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

Клиникалық тәлімгер жүктемені дәрігер-резиденттің тәлімгерлігі үшін сағаттық жалақының белгіленген нормасы бойынша орындайды.

13. Клиникалық тәлімгердің тиімді жұмысының нәтижелері:

- тәлімгерлік жүзеге асырылған дәрігер-резиденттің практикалық қызметтегі теориялық білімдерін игеруі және қолдануы;

- кәсіби қызметке және кәсіби дамуға оң мотивация, кәсіби қызметке байланысты өкімдер мен нұсқауларды орындау кезінде дербестік пен бастамашылық, тәртіптілік пен орындаушылық болып есептеледі.

14. Клиникалық тәлімгер:

- кәсіби ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғауға;

- оқыту әдістемелерін, оқу құралдары мен материалдарын таңдау және пайдалану еркіндігіне;

- санитариялық-гигиеналық нормаларға және еңбекті қорғау нормаларына сәйкес оқу процесін жүзеге асыруға;

- дәрігер-резидентті практикалық дағдыларды жеткіліксіз меңгерумен байланысты әртүрлі бейіндегі басқа клиникалық базаларға ротациялау бойынша ұсыныстар беруге;

- дәрігер-резидентке тәрбиелік және тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға байланысты мәселелерді талқылау кезінде қатысуға;

- дәрігер-резидентті санитариялық кітапшасыз білім беру процесіне жібермеуге құқылы.

15. Клиникалық тәлімгер:

- өз міндеттерін адал атқаруға;
- дәрігер-резидентті оның негізгі қызметімен, Аурухананың клиникалық базасының жұмыс жағдайымен таныстыруға, қауіпсіздік техникасына сәйкес жұмыс орнын ұсынуға, клиникалық базада болған кезде дәрігер-резидент үшін жауапты болуға;
- дәрігер-резидентті жұмыс оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес лауазымдық міндеттер мен тапсырмаларды сапалы орындаудың практикалық дағдылары мен тәсілдеріне үйретуге;
- бөлімшедегі дәрігер-резиденттің практикалық дағдыларының, манипуляцияларының, емшараларының орындалуын бақылауға, дәрігер-резиденттің медициналық көмек көрсету сапасын бақылауға, бөлімшедегі дәрігер-резиденттің жұмыс уақытын реттеуге;
- дәрігер-резидент жіберген қателерді анықтауға және бірлесіп жоюға, бар кемшіліктерді жоюға көмек көрсетуге;
- дәрігер-резиденттің жеке басына, оның адамдық қадір-қасиетіне, пікір мен сенім білдіру құқығына құрметпен қарауға, дәрігер-резидентке қатысты әдеп пен деонтология нормаларын сақтауға;
- дәрігер-резиденттің өзінің кәсіби міндеттерін орындауда жауапты қарым-қатынасын қалыптастыруға, сондай-ақ жұмыс жөніндегі әріптестеріне құрметпен қарауға ықпал етуге;
- дәрігер-резиденттен клиникалық қызметке байланысты мәселелер бойынша нұсқауларды орындауды талап етуге, дәрігер-резиденттен ауызша да, жазбаша да жұмыс есептерін талап етуге;
- пән бойынша түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге, оның ішінде пациенттерді бірлесіп аралауға, пациенттерді тексеру және тағайындау жоспарын, Ауруханада кезекшілікті бірлесіп келісуге бағдарлана отырып, дәрігер-резиденттің өз бақылауымен өзіндік жұмысын жоспарлауға;
- дәрігер-резиденттің практикалық дағдыларын, манипуляцияларын, емшараларын меңгеруін бағалауға, дәрігер-резидентке кері байланыс беруге;
- дәрігер-резидентке сабаққа қатысу журналдарын уақытылы толтыруға, кәсіптік білім беру бөлімін дәрігер-резиденттің өткізіп алған сабақтары туралы уақытылы хабардар етуге;
- оқытудың заманауи әдістерін қолдана отырып, жүйелі түрде кәсіби деңгейін арттыруға міндетті.

6. Қорытынды ережелер

16. Осы Ереже - клиникалық тәлімгердің Аурухананың клиникалық базасында (бөлімшесінде) дәрігер-резидентпен жұмысын ұйымдастырушылық қамтамасыз етудің бөлігі.

17. Осы Ережеде Аурухананың клиникалық базасында (бөлімшесінде) клиникалық тәлімгердің қызмет саласын регламенттейтін негізгі нормалар ұсынылған, олар Аурухана қызметі процесінде белгіленген тәртіппен шығарылған ішкі нормативтік құжаттармен және ұйымдастырушылық-өкімдік актілермен өзгертілуі, нақтылануы немесе толықтырылуы мүмкін.